

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
АКАДЕМИК Е.А. БӨКЕТОВ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ УНИВЕРСИТЕТІ

«КЕЛІСЕМІН»

«Н.Нұрмақов атындағы
мамандандырылған
мектеп-интернат»
КММ директоры

Сұлтанов С.А.

«15» 07 2022 ж.



«Қарағанды қаласының білім бөлімі»
ММ «№66 мектеп-лицейі» директоры
Нұрмуханов Б.Н.

«14» 07 2022 ж.



«БЕКІТЕМІН»

Академик Е.А. Бөкетов атындағы
Қарағанды университетінің
Басқарма Төрағасы - Ректоры
Н.О. Дулатбеков

2022 ж.



«8D023 Тілдер мен әдебиет» дайындау бағыты бойынша

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

«8D02301- Филология»

Деңгейі: Докторантура

Дәрежесі: «8D02301- Филология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы PhD

8D023 «Тілдер және әдебиет» дайындық бағыты бойынша білім беру бағдарламасы келесі нормативті құжаттар негізінде құрастырылған:

- «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы (31.03.2021ж. өзгертулер мен толықтырулармен.)
- «Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі №151 Заңы (24.05.2018 ж. өзгертулер мен толықтырулармен).
- 2018 жылғы 31 тамыздағы № 604 (05.05.20 өзгерістер енгізілген, бұйрық №182) Жоғары білімнің мемлекеттік жалпы міндетті стандарты.
- Әлеуметтік әріптестік және әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі Республикалық үшжақты комиссияның 2016 жылғы 16 наурыздағы Ұлттық біліктілік шеңбері.
- ҚР БҒМ «Кредиттік жүйе бойынша оқу үдерісін ұйымдастыру Ережелерін бекіту туралы» 2018 жылғы 2 ақпандағы №152 бұйрығымен (12.10.2018 ж. № 563 өзгертулер мен толықтырулармен).
- 2018 жылғы 13 қазандағы №569 Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышы.

Педагогикалық мамандықтар үшін:

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген жалпы орта білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 15 тамыздағы №484 қаулысы);
- «Педагог» кәсіби стандарты («Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасы төрағасының 2017 жылғы 8 маусымдағы № 133 бұйрығына қосымша).

Университеттің Басқарма отырысының шешімімен 2022 жылдың «19» 01 қолданысқа енгізілді.

«8D02301- Филология» білім беру бағдарламасы

Мазмұны:

1 Білім беру бағдарламасының паспорты:

1.1 Білім беру бағдарламасы туралы жалпы ақпарат

2 Докторантура түлегінің біліктілік сипаттамасы:

2.1 Біліктілік және лауазымдар тізбесі

2.2 Кәсіби қызмет саласы

2.3 Кәсіби қызмет нысандары

2.4 Кәсіби қызмет пәні

2.5 Кәсіби қызмет түрлері

2.6 Кәсіби қызмет функциялары

2.7 Кәсіби қызметтің типтік міндеттері

2.8 Кәсіби қызмет мазмұны

3 Білім беру бағдарламасының мақсаты

3.1 Білім беру бағдарламасының жалпы мақсаты

3.2 Базалық пәндер циклінің мақсаты

3.3 Кәсіби пәндер циклінің мақсаты

3.4 Ғылыми-зерттеу жұмысының мақсаты

3.5 Қорытынды аттестаттаудың мақсаты

4 Түлектің негізгі құзырлылықтары

5 Оқытудың негізгі нәтижелері

6 Жалпы білім беру бағдарламасы бойынша оқыту нәтижелерінің қалыптасатын құзыреттіліктермен арақатынасының матрицасы

7 Құзырлылықтар картасы

8 Білім беру бағдарламасының мазмұны

8.1 Білім беру бағдарламасының картасы

8.2 Білім беру бағдарламасының көлемі бойынша жиынтық кесте

Білім беру бағдарламасының паспорты

1.1 Білім беру бағдарламасы туралы жалпы ақпарат

1. Білім беру саласы: өнер және гуманитарлық ғылымдар
2. Дайындық бағыты: 8D023-Тілдер мен әдебиет
3. Оқу мерзімі: 3 жыл
4. Оқу тілі: қазақ,орыс
5. Білім беру бағдарламасына берілген мемлекеттік лицензияға қосымша: KZ83LAA00018495 28.07.2020ж.
6. Білім беру бағдарламасының аккредиттелуі: Білім сапасын қамтамасыздандыру бойынша тәуелсіз агенттігі, SA-A №0156/6, берілген уақыты «27 мамыр, 2019 ж., мерзімі 5 жылға
7. Түсушілерге қойылатын талаптар: 7M02306001 - филология мамандығы бойынша гуманитарлық ғылымдар магистрі, 7M01701701 - қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша білім магистрі, 7M01701901 - «шет тілі: екі шет тілі» мамандығы бойынша білім магистрі.
8. Білім беру бағдарламасының түрі: қолданыстағы
9. Білім беру бағдарламасын меңгеруге бекітілген пререквизиттер: Жалпы тіл білімі – 3 кредит
10. Білім беру бағдарламасын іске асыру бойынша шетелдік серіктестер: Чех республикасы Карлов университеті (Прага), ҚХР Іле педагогикалық университеті, Ресей халықтар достығы университеті (Мәскеу) , Алтай мемлекеттік университеті (Барнаул, РФ), Ян Амос Каменский университеті (Прага, Чехия).
11. Білім беру бағдарламасының негізгі практика (іс-тәжірибеден өту) базалары:
 - педагогикалық: Е.А.Букетов ат. Қарағанды университеті қазақ тіл білімі және қазақ әдебиеті кафедралары; Қарағанды гуманитарлық колледжі; Қарағанды «Болашақ» колледжі.
 - зерттеу: «Тұлғатану» пәнаралық ғылыми-зерттеу орталығы (Е.А.Букетов ат. ҚарУ), қазақ халқының рухани мұрасын зерделеу институты (Е.А.Букетов ат. ҚарМУ), Қарағанды медицина университеті қазақ тілі кафедрасы , Қарағанды политехникалық университеті қазақ тілі мен мәдениеті кафедрасы, Н.В. Гоголь ат. Қарағанды облыстық кітапхана ғылыми бөлімі, ҚарМУ кітапханалары мен кітап қоры бөлімдері, ҚарУ баспасы.
12. Ғылыми тағлымдамадан өтетін негізгі ғылыми ұйымдар, оның ішінде қызмет саласы мен аясына сәйкес келетін отандық және шетелдік ұйымдар: Карлов университеті (Прага, Чех республикасы), Евразия академиясы (Братислава, Словакия), Я.Коменский Университеті (Братислава, Словакия), Батыс Венгрия университеті.
13. Ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындайтын негізгі ғылыми ұйымдар, ҒЗИ, орталықтар: «Тұлғатану» пәнаралық ғылыми-зерттеу орталығы (Е.А.Букетов ат. ҚарУ), қазақ халқының рухани мұрасын зерделеу институты (Е.А.Букетов ат. ҚарУ), Қарағанды медицина университеті қазақ тілі кафедрасы , Қарағанды политехникалық университеті қазақ тілі мен мәдениеті кафедрасы, Н.В. Гоголь ат. Қарағанды облыстық кітапхана ғылыми бөлімі, ҚарУ кітапханалары мен кітап қоры бөлімдері, ҚарУ баспасы.
14. Бағдарлама бойынша оқуды әрі қарай жалғастыру мүмкіндіктері: мамандық түлектері 8D02301 - филология мамандығы бойынша PhD докторы дәрежесін алады. Осы мамандық бойынша докторлық бағдарламаны қорғау жөніндегі кеңес Е.А.Букетов атындағы ҚарУ-дың филология факультетінде жұмыс істейді.

15. Жұмыс берушілер тізімі:

№	Компаниялар, мекемелер, ұйымдар атауы	Байланыс телефоны, e-mail
1.	Е.А.Букетов ат. Қарағанды университетінің баспаханасы	8(7212)513820, e-mail: 513820@mail.ru
2.	Қарағанды облыстық тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы ММ	8(7212)567476, 8(7212)342500
3.	«Қарағанды қаласының білім бөлімі» Мемлекеттік мекемесінің «№66 мектеп-лицейі»	350377, факс 350377, e-mail:sch66@kargoo.kz
4.	Қарағанды медицина университеті	8 (7212)513479 info@kgmu.kz
5.	Қарағанды техникалық университет	8(7212)564422, e-mail: kargtu@kstu.kz

6.	Бірінші Қарағанды телеарнасы	Қарағанды қ., Жамбыл к., 28
7.	«Н.Нұрмақов атындағы мамандандырылған мектеп интернат» КММ	87212568943, e-mail: nurmakov.krg@nur.kz
8.	Қарағанды қ. «Назарбаев зияткерлік мектебі»	87056274715 ustinova_l@krg.nis.edu.kz
9.	Қарағанды облысы білім беру басқармасы	8 (7212) 41 13 19, http://krg-edu.kz
10.	«Қарағанды қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ	Қарағанды қ. Бейбітшілік бульвары, 39
11.	«Орталық Қазақстан» газеті	Қарағанды қ. Ермеков к., 33

2.1 Біліктілік және лауазымдар тізбесі

Докторантураны бітірушіге «8D02301- Филология» білім беру бағдарламасы бойынша «философия докторы PhD» дәрежесі беріледі.

2.2 Кәсіби қызметінің саласы

«8D02301- Филология» білім беру бағдарламасы бойынша бітірушінің кәсіби қызмет салалары:

- білім (орта, арнайы орта және жоғары оқу орындарының оқытушысы);
- мәдениет (мәдениет мекемелерінің қызметкері);
- ғылым (ғылыми-зерттеу мекемелерінің қызметкері);
- баспа (баспагер, баспа өнімдерінің редакторы);
- бұқаралық ақпарат құралдары, оның ішінде Интернет (газет, радио, теледидар, журналдардың редакциясы);
- білім беру саласындағы әкімшілік (орта, орта кәсіптік және жоғары білім бөлімдері);
- әлеуметтік-гуманитарлық қызметтің басқа салалары (мәдениаралық байланыс және т.б.).

2.3 Кәсіби қызмет нысандары

«8D02301- Филология» білім беру бағдарламасы бойынша докторантураны бітірушілер келесі кәсіби қызметтерді атқара алады:

- орта мектептер, лицейлер, гимназиялар;
- білім беру мекемелері;
- колледждер;
- университеттер;
- ғылыми-зерттеу институттары.

2.4 Кәсіби қызмет пәні

«8D02301- Филология» білім беру бағдарламасы бойынша бітірушілердің кәсіби қызмет пәні:

- ЖОО-да, орта кәсіптік оқу орындарында педагогикалық қызмет;
- ғылыми-зерттеу институттарында тіл білімі/әдебиеттану салалары бойынша ғылыми қызмет.

2.5 Кәсіби қызметінің түрлері

«8D02301- Филология» білім беру бағдарламасы бойынша бітірушілер келесі кәсіби қызметтерді атқара алады:

- ғылыми-педагогикалық;
- ғылыми-зерттеу;
- білім беру-педагогикалық;
- педагогикалық-ұйымдастыру.

2.6 Кәсіби қызмет функциялары

«8D02301- Филология» білім беру бағдарламасы бойынша бітірушінің кәсіби қызмет функциялары:

- жоғары оқу орындарында, жалпы білім беретін орта мектептерде, гимназиялар мен лицейлерде, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында қазақ тілі мен әдебиеті пәндерін оқыту;
- білім мекемелерінде оқу-әдістемелік педагогикалық үдерісті ұйымдастыру жұмыстарын жүзеге асыру;

- баспа орындарында редактор, корректор болу;
- заң-құқық органдарында лингвистикалық сараптамашы;
- ішкі істер мекемелерінде тілші-корреспондент;
- лингвистика, әдебиеттану, фольклористика және текстология салаларында зерттеулер жүргізу;
- мәдениет саласында ағартушылық жұмыстар жүргізу;
- ауызша және жазбаша аудармаларды жүзеге асырады;
- білім беру-педагогикалық, басқару мекемелерінде, БАҚ-та, мәдениетаралық қатынас саласында және әлеуметтік-гуманитарлық қызметтің басқа салаларында филология ғылымының қажетті саласына сәйкес кәсіптік қызметтерді жүзеге асыру.

2.7 Кәсіби қызметтің типтік міндеттері

«8D02301- Филология» білім беру бағдарламасы бойынша PhD докторының кәсіби қызметінің түріне сәйкес мынадай міндеттерді шешуі тиіс:

- кәсіби құзыреттілік пен әлеуметтік ұтқырлықты қамтамасыз ететін филологиялық іргелі теориялық-әдістемелік, іргелес ғылымдар саласы бойынша түбегейлі дайындықтың болуы;
- зерттеуге қажетті ғылыми әдістерді игеру, нақты филологиялық зерттеудің міндеттерін шешу үшін Интернет электронды қоры мен қазақ/орыс тілінің Ұлттық корпусы мәліметтерін іске қоса отырып, бұрыннан бар әдістерді жаңарту және жаңа әдіс-тәсілдерді зерттеп дайындау біліктілігін қалыптастыру;
- ғылыми-зерттеу және педагогикалық қызмет барысында туындайтын міндеттерді шешу және түсіндіре білу;
- өзіндік ғылыми-зерттеу және ғылыми-педагогикалық қызмет дағдыларын меңгеруге қажетті жағдайды қамтамасыз ету;
- лингвистикалық-әдебиеттанушылық зерттеулерді жүргізу мен ұйымдастыру дағдыларын қалыптастыру;
- кәсіби қызметтің түрі мен сипатының өзгерісіне, пәнаралық жобалармен жұмыс істеуге бейімділікті дамыту;
- ғылыми мәселені тану, түсіндіру және шешу қабілеттілігін дамыту;
- филология ғылымының қажетті саласына сәйкес әңгімені өрістете алатын біліктілігін дамыту.

2.8 Кәсіби қызмет мазмұны

- лингвистика және әдебиеттану саласында зерттеулер жүргізу;
- педагогикалық қызметті жүзеге асыру үшін психологиялық-педагогикалық (ұйымдастырушылық-педагогикалық, тәрбиелік-педагогикалық) білімді игеру;
- аударма қызметін игеру;
- ғылыми-зерттеу жұмыстарын жасай білу;
- заманауи компьютерлік технологияларды, оқытудың интерактивті әдістерін, қазақ тілінің ұлттық корпусы қорын және т.б. қолдана отырып, жоғары және орта оқу орындарында қазақ / орыс / ағылшын тілі / әдебиетін оқытудың кәсіби және практикалық дағдыларын қалыптастыру;
- пәндердің гуманитарлық циклін оқытудың тиімділігі бойынша ұсыныстар әзірлеу;
- өзін-өзі жетілдіруге, әлеуметтік бейімделуге қабілетті, жоғары білікті және бәсекеге қабілетті мамандарды, жоғары деңгейдегі жалпы және кәсіби мәдениеті бар кәсіби элита даярлау.

3 Білім беру бағдарламасының мақсаты

«8D02301- Филология» ББ бойынша қазақ / орыс / ағылшын тілі мен әдебиеті бойынша білім беру қызметін жүзеге асыруға, сондай-ақ филология ғылымы саласында зерттеулер жүргізуге қабілетті PhD философия докторын дайындау; колледждер мен университеттерде филологиялық пәндерді оқыту; білім беру әкімшілігі саласында ұйымдастыру жұмыстарын жүргізу; редакциялық, корректорлық қызмет; бұқаралық ақпарат құралдарында жұмыс істеу; объективті заңдар мен заманауи талаптарды ескере отырып, өзінің кәсіби іс-әрекеттерін жоспарлау.

3.1 Білім беру бағдарламасының жалпы мақсаты

- білім алушыларды даярлауды жүзеге асыратын ЖОО мен ғылыми-зерттеу ұйымдары жұмысының тиімділігін арттыру;
- докторанттардың өз бетімен оқу, ғылыми-зерттеу және педагогикалық қызметін ынталандыру;
- «философия докторы PhD» дәрежесін беру туралы ҚР құжаттарының халықаралық білім беру кеңістігінде және халықаралық еңбек нарығында мойындауын қамтамасыз ету.

3.2 Базалық пәндер циклінің мақсаты

Базалық пәндер циклін меңгеру барысында білім алушылардың танымдық, әдістемлік, ұйымдастырушылық, арнайы білім-біліктері қалыптастыру; кәсіби оқу-тәрбие жұмыстарының мониторингін ұйымдастыруды, зерттеуге қажетті ғылыми әдістерді игерту, филология саласында зерттеу жұмыстарын жүзеге асыру үшін синхронды-диакронды қолдануға үйрету; жаңа әдіс-тәсілдерді зерттеу, қорытуға үйрету; ғылыми-зерттеу және педагогикалық қызмет барысында туындайтын міндеттерді шешуге және түсіндіруге, өзіндік ғылыми-зерттеу және ғылыми-педагогикалық қызмет дағдыларын меңгеруге қажетті жағдайды қамтамасыз ету; педагогикалық қызметті іске асыру үшін психологиялық-педагогикалық (ұйымдастыру-педагогикалық, білім беру педагогикалық) білімді игерту; аудармашылық қызметке үйрету, ол үшін басқа тілден аударылған дүниелерді тілдік тұрғыдан талдап, теориялық тұжырымдар жасауға негіз болатын білім қорын қалыптастыру, түпнұсқа тіл мен аударылған тілдің барлық заңдылықтарын меңгерген зерттеуші осы заңдылықтар негізінде бір тіл мен екінші тілдің ұқсастықтарын, айырмашылықтары мен ерекшеліктерін анықтай алатын дәрежеге қол жеткізу, жоғары дәрежелі білікті және бәсекеге қабілетті мамандарды, өзін-өзі жетілдіруге, әлеуметтік тұрғыдан икемделуге қабілетті жалпы және кәсіби мәдениетінің деңгейі жоғары кәсіби маманды дайындау.

3.3 Кәсіби пәндер циклінің мақсаты

Студенттердің лингвистикалық / әдеби зерттеулерді ұйымдастыру және жүргізу дағдыларын дамыту; халықаралық стандарттар қағидаттарына сәйкес ғылыми зерттеулерді ұйымдастыруда, тілдік ахуалды және қазіргі әдеби кеңістікті бағалау мен талдауда тіл мен әдебиетті оқыту процесінде қолданылатын тіл мен әдебиет саласындағы білімдер кешенін қалыптастыру.

3.4 Ғылыми-зерттеу жұмысының мақсаты

- докторанттарды ғылыми-зерттеу міндеттерін шешу әдістемесіне баулып, өз бетінше ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге үйрету;
- кәсіби ғылыми-зерттеу жүргізу үшін ойлау қабілетін қалыптастыруды қамтамасыз ету;
- болашақ мамандардың шығармашылық қабілеттерін дамыту,
- жеке және өздігінен жүзеге асырылатын шығармашылық қызметті күшейту арқылы кәсіби дайындық деңгейін көтеру;
- кәсіби тұрғыдан қабілеттерін саналы түрде жетілдіріп отыруды қамтамасыз ету;
- инновациялық ойлауды дамыту.

3.5 Қорытынды аттестаттаудың мақсаты

- алған білім, білік, дағды деңгейін бағалау;
- бітірушінің жалпымәдени және кәсіби құзыреттіліктерді меңгеру деңгейін бағалау;
- докторанттың ББ кәсіби бағытына сәйкес кәсіби міндеттерді шешуге дайындық деңгейін бағалау;
- кәсіби салада өздігінен ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу дағдысын бағалау;
- докторанттың дайындық деңгейін, «8D02301 – Филология» ББ талаптарына сәйкес кәсіби міндеттерді шешу білігін анықтау;
- бітірушіге 8D02301 - Филология мамандығы бойынша «философия докторы PhD» дәрежесін беру және бекітілген үлгідегі диплом беру туралы шешім қабылдау.

4 Түлектің негізгі құзырлылықтары

Құзырлылықтар коды	Құзырлылықтар сипаты
Тұлғалық құзырлылықтар	
ТҚ1	Интеллектуалдық және жалпымәдени деңгейін жетілдіреді және дамытады; алған білімін филологиялық пәндерді оқытуда пайдаланады.
ТҚ2	Шет тілін іскери қатынас және әлеуметтік мобильділік құралы ретінде еркін пайдалану қабілеттілігі
ТҚ3	Өзінің кәсіби қызметінің нәтижелерін бағалауда, әлеуметтік маңызы бар жобаларды әзірлеу мен жүзеге асыруда құқықтық және этикалық нормаларды терең білуін саналы түрде пайдалану.
ТҚ4	Болашақ кәсіби, қоғамдық қызметте базалық және кәсіби пәндер бойынша алған білім, білік және дағдыларды оқыту үдерісінде өнімді қолдануға бейімделу.
ТҚ5	Мемлекеттік саясаттың мәнін, оның әдістері мен құралдарын түсінуде, азаматтардың мемлекеттік саясатқа

	қатысу нысандарын анықтауда белсенді азаматтық ұстанымды қалыптастыру.
ТҚ6	Үздіксіз өздігінен білім алу, өзін-өзі дамыту, жаңа жағдайларға бейімделу, жинақталған тәжірибені қайта бағалау, өз мүмкіндіктерін талдау қажеттілігін түсіну.
ТҚ7	Оқыту үдерісінде қалыптасқан білім, білік және дағдылардың белсенді және шығармашылық даму нормаларын бекіту, оларды болашақ кәсіби және қоғамдық қызметте қолдану.
ТҚ8	Өзін-өзі дамытуға, өзінің ғылыми біліктілігін, шеберлігін арттыруға ұмтылу; өзінің ғылыми дүниетанымын кеңейту және тереңдету
ТҚ9	Ақпараттық технологиялар арқылы ғылыми ақпаратты өз бетінше табу дағдыларын дамыту және зерттеу, практикалық қызметте жаңа білімдері мен іскерлігін пайдалану.
ТҚ10	Кәсіби мақсаттарды қоя білу және оларға қол жеткізу стратегияларын тандау қабілеті.
Кәсіби құзырлықтар	
КҚ1	Қазіргі өмірдің көкейтесті мәселелерін шешуде философиялық ұстаным дағдыларын қолдану, қазіргі қоғамдардағы әлеуметтік-саяси, социомәдени үдерістерді жобалауда және болжамдау әдістерін кәсіби қызметте қолдана білу
КҚ2	Кәсіби ғылыми-педагогикалық методология, зерттеу және оқу жұмыстарын ұйымдастыру әдістемесі саласында теориялық және практикалық нұсқауларды дайындау үшін алған білімін пайдалана білу; филологиялық пәндерді оқытуда алған білімін пайдалана білу.
КҚ3	Ғылыми зерттеу жүргізу, диссертация жазу және практикалық қызметте лингвистикалық тілдік білім мен кәсіби шетел лексикасын қолдану.
КҚ4	Ғылыми бағдарламаларды іске асырудың мақсаттарын, міндеттерін, құралдарын және әдістерін өз бетінше тұжырымдай білу; ғылыми және ғылыми-техникалық қызметке қатысушылардың зияткерлік меншік құқығы туралы білімін, ғылыми және қолданбалы зерттеулерді жүргізу және коммерциализациялау үшін ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруға грант алу шарттарын пайдалану.
КҚ5	Ғылыми және практикалық міндеттерді, оның ішінде тікелей қызмет саласынан тыс міндеттерді шешу үшін кешенді ақпаратты өңдеу мен интерпретациялаудың қазіргі заманғы әдістерін еркін пайдалану (магистрлік бағдарламаның бағытына сәйкес)
КҚ6	Пәнді меңгеру барысында алынған теориялық білім, білік және практикалық тәжірибе негізінде ғылыми зерттеудің мақсаттары мен міндеттерін табысты шешу.
КҚ7	Алған білім мен дағдылардың негізінде қазіргі білім берудің күрделі үдерістерінен хабардар болу, оларға бейімделу, алған теориялық білімі мен іскерлігін кәсіби қызметте қолдану.
КҚ8	Күнделікті тұрмыстық жағдаяттар қарым-қатынастың, тілдік құбылыстардың ұлттық-мәдени ерекшеліктерін ескере отырып, шетел тілі иесінің мінез-құлқы сияқты қарым-қатынасының тапсырмаларын шешу үшін сөйлеу әрекетінің барлық түрлерін меңгеруі.
КҚ9	Алған теориялық білімді ғылыми және шығармашылық іс-тәжірибесінде қолдануды біліктілікпен пайдалану, өзінің кәсіби біліктілігін шыңдау және білімділік жүйесін дамытуда ізденісте болып, кәсіби біліктіліктің жоғары деңгейін қалыптастыру.
КҚ10	Әлем тілдері, соның ішінде орыс және қазақ тілдерінде білім беруге машықтану. Шешендік шеберлікті арттыру, ауызша сөйлеу, жазбаша сөйлеу мәдениеттерін қалыптастыру. Қоғаммен байланысты арттырудағы ұтқырлықты шеберлік пен әдіснамалық жағынан ұштай түсу.
КҚ11	Әр халықтың дүниетанымдық тәжірибесінен туындаған ұлттық менталитет пен рухани болмысты сипаттайтын ұлттық нысанға ие тұлғалар, ұлт мәдениетінің басты сипаттарының белгіленуі, қоршаған ортаның тіл арқылы суреттелуіндегі ұлттық этникасына тән ерекшеліктер әдебиет, мәдениет, философия,

	антропология, психология, таным теориясы сияқты ғылымдармен байланыстыра қарастыру. Соны зерттеулерден хабардар болу және ғылыми жұмыстарында пайдалану.
КҚ12	Оқытылатын оқу пәндері бойынша ғылыми-зерттеу жұмысының, эссе жазу және талдау жұмыстарының дағдыларын жетілдіру.
КҚ13	Болашақ қызметін жоспарлау және ұйымдастыру үшін веб-торап, желілік және мультимедиялық технологияларға ие болу, онлайн-форумдар мен семинарларды ұйымдастыруға ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолданып, цифрлық, мәтіндік, графикалық және көрнекі ақпаратты алу және ұйымдастыру; интернетте және дерекқорларда өздерінің ақпараттық іздеу әдістерін қолдану.
КҚ14	Этикалық, рухани, мәдени құндылық, әлеуметтік мінез құлықты реттеу формалары мен негізгі заңдылықтарды, тұлғаға деген әлеуметтік ұстаным жайында түсініктерді білу, Қазақстан халықтарының мәдениеті мен дәстүрлерін, қоғам дамуының тенденцияларын білу, әртүрлі әлеуметтік жағдаяттарды бағдарлай білу, креативті ойлау іскерлігі, басқа ұлттың мәдениетіне, салт дәстүрлеріне шыдамдылық таныту, белсенді өмір позициясын ұстану.
КҚ15	Кәсіби қызметтің түрлерін, міндеттерін және салаларын білу, оқыту нәтижесіне қолжеткізу мүмкіндігін беретін оқыту мен оқудың стратегиясын жасау, шығармашылық потенциал, жаңа ойлар мен жаңашылдықты дамыту үшін жағдай жасау, оқыту мен тәрбие туралы қалыптастырушы ғылымның негізгі пәндері бойынша білім алу.
КҚ16	Оқу және кәсіби тәжірибеден өту барысында теориялық материалдарды тиімді бекіту дағдысын жинау, тиімді түрде жеке жұмыс істеуді және түрлі тапсырмалар орындай отыра топ мүшесі ретінде жұмыс істей білу, сонымен қатар мамандық бойынша жылдам жұмысқа тұру мүмкіндігін қамтамасыз ететіндей білім саласындағы жұмыс күші нарығында түлектердің бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру, бастама білдіру.
КҚ17	Филология ғылымы саласындағы ғылыми зерттеулердің нақты міндеттерін өз бетінше қою (бағдарлама профиліне сәйкес) және оларды заманауи ақпараттық технологиялардың көмегімен шешу, отандық және шетелдік жаңа тәжірибені пайдалану қабілетін дамыту.
КҚ18	Ғылыми-техникалық құжаттаманы және зерттеу жұмысын, ғылыми есептерді, шолуларды, баяндамаларды, мақалаларды (бағдарлама профиліне сәйкес) кәсіби жасай білу
КҚ19	Ғылыми зерттеудің оңтайлы әдіснамасы мен әдістемесін қолдану негізінде диссертациялық зерттеудің нәтижелерін тұжырымдау және қорғау; кәсіби қызметте оқу үдерісінде алған білімі, іскерлігі және дағдыларын қолдануға бейімделу.

5 Оқытудың негізгі нәтижелері

Оқыту нәтижесінің коды	Оқытудың нәтижелері
ОН1	Филологиялық ғылым саласындағы тұрақты білім мен дағдыларды меңгеру және оларды диссертациялық зерттеуді жүргізу барысында қолдану
ОН2	Білім беру саласында және практикалық кәсіби қызметте мәселелерді шешу үшін өз білімін, түсінігін және қабілетін кәсіби деңгейде қолдану
ОН3	Диссертацияның зерттеу тұжырымдамасын қалыптастыру үшін ақпарат жинау және оны өңдеуді жүзеге асыру
ОН4	Филология ғылымы саласында әрі қарай оқуды өз бетінше жалғастыру үшін қажетті білім, білік және дағды кешенін меңгеру
ОН5	Қазіргі филология ғылымының жалпы және арнайы әдістерін тереңдете білу, филология ғылымының әдіснамасын қолдану дағдыларын жетік меңгеру
ОН6	Кәсіби қоғамдастықпен және білім берудегі барлық мүдделі тараптармен өзара әрекеттестікті жүзеге асыру, білім беру стекхолдерлерін біріктіретін инновациялық идеяларға бастамашылық жасап, заң-құқық органдарында қазақ-орыс-ағылшын тілдерінде лингвистикалық сараптама жасай алу
ОН7	Қазіргі филология ғылымының өзекті мәселелері бойынша ғылыми пікірталастар өткізуге қабілетті болу
ОН8	Дамыған және сауатты тілдерді игеру үшін, ана тілін, орыс және ағылшын тілдерін, қарым-қатынас технологиясы саласында білім, коммуникация стратегияларын, диалог құрудың дағдылары мен іскерліктерін, полимәдениетті, полиэтникалық және көпконфессиялы қоғамда қарым-қатынас жасауды игеруге жағдай жасау
ОН9	Жаңартылған білім мазмұны аясында заңнамалық құжаттарды білу; сыни тұрғыда ойлай алатын жеке тұлғаны қалыптастыруда базалық білімдерін жетілдіру
ОН10	Өзге тілді аудиторияда қазақ тілін оқытудың инновациялық технологияларын, әдіс-тәсілдерін тиімді қолдана алу, сыни тұрғыдан баға беру, өзіндік тұжырымдар жасай алу
ОН11	Шет тілін кәсіби қарым-қатынас құралы ретінде, өзінің кәсіби және жеке деңгейін арттыру құралы ретінде меңгеру
ОН12	Қазіргі инновациялық білім беру технологияларын пайдалана отырып, оқытушылық қызметті жүзеге асыру, түрлі аудиториялар үшін филологиялық және арнайы тілдік пәндерді оқытудың оқу бағдарламаларын іске асыру
ОН13	Командаларда тиімді жұмыс істей білу, өз ұстанымын қорғау, сенім білдіру, ымыралы және баламалы шешімдер табу
ОН14	Аналитикалық жұмысқа қабілетті болу, жаңа білім алу мақсатында ғылыми-зерттеу және инновациялық қызметті жүзеге асыра білу және осы білімді нақты басқарушылық жағдайларды сараптамалық бағалау үшін қолдана білу
ОН15	Өз бетінше шығармашылық, зерттеу жұмысының дағдыларын, өз қызметін тиімді және нәтижелі ұйымдастыра білу, өзінің ғылыми жұмысының нәтижелерін коммерциализациялау мүмкіндіктері туралы түсініктері болу
ОН16	Болашақ кәсіби және қоғамдық қызметте білім, білік және дағдыны, оқыту үдерісінде қалыптасқан білімді нәтижелі пайдалануға, өздігінен үздіксіз білім алуға және өзін-өзі дамытуға бағытталған болу; белсенді азаматтық ұстаным мен қазақстандық патриотизмді қалыптастыру

7. Құзырлылықтар картасы

Модульдің коды	Модульдің атауы	Модульдегі пән коды	Пән атауы	Оқыту нәтижелерінің коды	Құзырлылықтар коды
1	2	3	4	5	6
01	Зерттеудің әдіснамалық негіздері	AN7201	Академиялық хат (ағылшынша)	ОН 1, ОН 3, ОН 11, ОН 12, ОН14, ОН 15	ТҚ 2, ТҚ 9, КҚ 4, КҚ 6, КҚ 17, КҚ 18, КҚ 19
02	Зерттеудің әдіснамалық негіздері	GZA7202	Ғылыми зерттеу әдістері	ОН 1, ОН 5, ОН 10	ТҚ 3, ТҚ 4, ТҚ 9, КҚ 1, КҚ 6, КҚ 16, КҚ 18, КҚ 19
03	Тіл және мәдениет	KL 7203/UAPM 7203	Когнитивтік лингвистика/Ұлттық әдебиет пен мәдениет	ОН 2, ОН 11	ТҚ2, КҚ 3
04	Тіл және мәдениет	PP 7204	Педагогикалық практика	ОН 3,ОН 7	ТҚ 3, КҚ 4, КҚ 5
05	Лингвистикалық теория	МККТ 7105	Мәдениетаралық қарым-қатынас теориясы	ОН 2, ОН 11	ТҚ 2, КҚ 3, КҚ 13
06	Лингвистикалық теория (модульдің жалғасы)	Lin 7106 LMT 7106 AP 7106	Лингвоконтактология/ Лингвомәдениеттану/Әдебиеттегі постмодернизм	ОН 2, ОН 6, ОН 8, ОН 9, ОН 10, ОН 16	ТҚ 3, ТҚ 5, ТҚ 7, КҚ 4, КҚ 8, КҚ 10, КҚ 11, КҚ 13, КҚ 15, КҚ 16
07	Лингвистикалық теория (модульдің жалғасы)	Zer 8107	Зерттеу тәжірибесі	ОН 1, ОН 14, ОН 15	ТҚ 8, ТҚ 9, ТҚ 10, КҚ 6, КҚ 18, КҚ 19
08	Ғылыми-зерттеу жұмысы	GZZh	Докторлық диссертацияны орындау мен тағылымдамадан өтуді қоса есептегендегі докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы	ОН 1. ОН 3	ТҚ 9, КҚ 4, КҚ 16, КҚ 17, КҚ 18
09	Қорытынды аттестаттау	DDZhK	Докторлық диссертацияны жазу және қорғау	ОН 1. ОН 5. ОН 16	ТҚ 4, ТҚ 5, ТҚ 6, ТҚ 9, КҚ 1, КҚ 6, КҚ 9, КҚ 11, КҚ 18, КҚ 19

8 Білім беру бағдарламасының мазмұны
8.1 Білім беру бағдарламасының картасы

Модульдің коды	Цикл және компонент	Пән коды	Пән атауы	Бақылау түрі	Семестр	ECTS	Қалыптастырылатын құзырлылықтар (оқыту нәтижелері)
1 курс							
01	БП/ЖООК	AN7201	Академиялық хат (ағылшынша)	емтихан	1	5	<p><i>Білімі:</i> ғылыми сөйлеудің ауызша және жазбаша тілінің ерекшеліктері, оның басқа сөйлеу түрлерінен айырмашылығы; аргументацияның негізгі түрлері мен тәсілдері; ғылыми мәтіннің композициялық сөйлеу стандарттары, ғылыми әдебиеттермен жұмыс істеу ережелері, дәйексөздер мен сілтемелерді, библиография рәсімдеудің стандартты тәсілдері; академиялық хат алмасу нормалары</p> <p><i>Білігі:</i> мамандық бойынша ғылыми бағыттағы мәтіндерді түсіну және талдау; мәтіннің коммуникативтік мақсатын, оның аудиториясы ерекшеліктерін және қарым-қатынас жағдайын ескеру; ғылыми жұмыстың композициялық стандарттарын сауатты қолдану; мамандық бойынша бөтен және өз мәтінін өңдеу; зерттеу тақырыбы бойынша ауызша баяндама жасау, оқу-ғылыми салада хат алмасу.</p> <p><i>Дағдысы:</i> оқу-ғылыми жанрдағы мәтіндерін (курстық жұмыс мәтіні, реферат, ғылыми аннотация, ауызша баяндама); өз позициясын логикалық және анық баяндау, соның ішінде логикалық абзац құру тәсілдерін; сілтемелер мен библиографияны рәсімдеу дағдысы.</p> <p><i>Құзырлылықтар:</i> ТҚ 2, ТҚ 9, КҚ 4, КҚ 6, КҚ 17, КҚ 18, КҚ 19</p> <p><i>Бағалау өлшемдері:</i> лингвистика саласында, сонымен қатар пәнді оқыту әдістемесі саласында, педагогика, тіл және әдебиет, шет тілдерінің негізгі кәсіби сөздерін меңгеру, кәсіби академиялық жазуы мен танымдық белсенділігі жоғары деңгейге ие, ағылшын тілінде шығармашылық жобаларды жүзеге асыра алу.</p>
02	БП/ЖООК	GZA7202	Ғылыми зерттеу әдістері	емтихан	1	5	<p><i>Білімі:</i> докторантурада білім алушының ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізуінің нәтижесінде докторлық диссертацияда қорғалатын мамандықтың негізгі проблематикасы бойынша білімі болады.</p> <p><i>Білігі:</i> ғылыми бағыттың өзекті болуы, ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығы бойынша</p>

							білігі қалыптасады. <i>Дағдысы:</i> ғылымның, техниканың және өндірістің қазіргі жетістіктеріне негізделу және нақты практикалық ұсынымдарды, көкейкесті мәселелерді шешуге дағдыланады. <i>Құзырлылықтар:</i> ТҚ 3, ТҚ 4, ТҚ 9, КҚ 1, КҚ 6, КҚ 16, КҚ 18, КҚ 19 <i>Бағалау өлшемдері:</i> материалды толық әрі анық баяндау; ақпарат көздерін нақты қолдану; ғылыми фактілерді талдай алу және жүйелей білу, ғылыми тұжырымдар жасай алу; материалды қорытындылауда бағалы теориялық және тәжірибиелік шешімдер жасай алу.
03	БП/ТК	KL 7203/UA PM 7203	Когнитивтік лингвистика/Ұлттық әдебиет пен мәдениет	емтихан	1	5	<i>Білімі:</i> когнитивтік лингвистиканың саласының өзекті мәселелерін біліп шығады; тіл біліміндегі танымдық теорияның ғылыми негіздерінен мәлімет алады, оның басты тұжырымдары мен негізгі қағидаларымен танысады. Тіл мен таным, тіл мен ойлау, тіл мен сөйлеу, тіл мен сана байланыстарын меңгереді. Қазақтың ұлттық әдебиеті мен мәдениетінің қалыптасуы және оның дамуы туралы білімі толығыады; <i>Білігі:</i> когнитивтік лингвистиканың ғылым ретінде танылуы, оның ғылымдар арасында алатын орны, басқа ғылым салаларымен байланысы, оның зерттеу әдістері жайлы біледі; тәжірибелік сабақтарда концептуалдық талдаудың негізгі әдістерін меңгереді. Концептілердің мәдени парадигмаларын және олардың концептідегі менталдық өрістерін сипаттауды меңгереді. Қазақтың ұлттық әдебиеті мен мәдениетінің ерекшеліктері жайында білікті болады. <i>Дағдысы:</i> тілді таныммен байланыста, бірлікте қарау, әлемнің тілдік сипатын айқындау дағдысы қалыптасады. Түрлі дәуірдегі мәтіндерді әдеби тұрғыдан талдауға дағдыланады. <i>Құзырлылықтар:</i> ТҚ2, КҚ 3 <i>Бағалау өлшемдері:</i> Теориялық мәліметтерді толық түсіну, талдау жасау, терминдерге анықтама беру, өз ойын тұжырымдап, дәлелдеп айту, салыстырмалы талдаулар жасай алу.
04	БП/ПП	PP 7204	Педагогикалық практика	диф. сынақ	2	10	<i>Білімі:</i> практиканың көп сатылы оқыту жүйесіне сәйкес жоғары білікті мамандарды даярлаудың маңызды бөлігін құрайтынын біледі. <i>Білігі:</i> оқытудың бұл түрі ЖОО-да теориялық оқыту

							мен әр түрлі үлгідегі жоғары оқу орындарында өзіндік жұмыс істеу арасындағы байланыстырушы буын бола отырып, таңдаған мамандығы бойынша докторанттардың жинаған білімін, іс жүзінде қолдану мен тереңдету және әрқайсысының жеке педагогикалық ерекшеліктерін дамыту үшін барынша қолайлы мүмкіндіктерге ие болу білігін қалыптастырады. <i>Дағдысы:</i> мақсаты мен күрделілігі бойынша әр түрлі міндеттерді шешуге дағдыланады. Жұмысты жоспарлау, қадағалау, бағалау дағдылары қалыптасады. <i>Құзырлылықтар:</i> ТҚ 3, КҚ 4, КҚ 5 <i>Бағалау өлшемдері:</i> практика барысында еңбек тәртібін, ішкі тәртіп ережелерін, қауіпсіздік техника ережелерін және өндірістік тәртіптемесін сақтау; мекеменің жабдықтарына, аспаптарына, құжаттарына және басқа мүлкіне ұқыпты қарау; практика бағдарламасының талаптарын қатаң сақтау және орындау; практикадан өту үшін белгіленген уақытта мекеменің қарауына келу; практикадан өту барысында және аяқтаған соң мекеме туралы құпия ақпаратты жария етпеу; талап етілген құжаттарды мерзімінде тапсыру.
05	КП/ЖООК	МККТ 7105	Мәдениетаралық қарым-қатынас теориясы	емтихан	1	5	<i>Білімі:</i> мәдениетаралық коммуникация саласына қатысты жаңа терминдер мен сөздерді меңгереді. <i>Білігі:</i> мәдениеттер сұхбатына қатысушы белгілі бір мәдениеттің атынан сөйлейтін тілдік тұлға тіл, мәдениет, мәдениетаралық коммуникация мәселелеріне қатысты көптеген беймәлім мәселелерден хабардар болып, олардың ерекшеліктері мен маңызын түсінеді. <i>Дағдысы:</i> мәдениетаралық коммуникацияның дұрыс жүруі дағдысын қалыптастыру <i>Құзырлылықтар:</i> ТҚ 2, КҚ 3, КҚ 13 <i>Бағалау өлшемдері:</i> мәліметтерді дұрыс түсіну, мағынасына дұрыс интерпретация жасай алу, оларды өз сөзінде дұрыс қолдана алу.
06	КП/ТК	Lin 7106 LMT 7106 AP 7106	Лингвоконтактология/ Лингвомәдениеттану/ Әдебиеттегі постмодернизм	емтихан	1	5	<i>Білімі:</i> үш концентрлік шеңбер теориясын, плюрицентрлік тілдердің варианттарыбар екенін біледі. Лингвомәдениеттану тіл мен мәдениеттің, тіл мен этностың, тіл мен ұлттық менталитеттің арақатынасын сипаттап, зерттеп, зерделейді. Лингвомәдениеттану және этнолингвистиканың қалыптасуы, зерттелу тарихы, пәні, зерттеу нысаны жайында жан-жақты мағлұмат біледі. <i>Білігі:</i> ана тілін үш концентрлік шеңбер теориясы

							<p>тұрғысынан сипаттай алады. Лингвомәдениеттану мен этнолингвистиканың байланысын және олардың берілу жолдарын анықтап, этнолингвистикалық талдау жасайды. Лингвомәдениеттану және этнолингвистика жайында алған білімдерін, этнос туралы ақпарат түсініктерін лингвистикалық талдауда негізге алады, мәтінге этнолингвистикалық талдау жасауда қолданады.</p> <p><i>Дағдысы:</i> алған білімін ғылыми-зерттеу жұмыстарын жазуда қолдана алады және нақты шешімдерді қарастыруға, оқу-әдістемелік құралдар жасауда пайдалануға дағдыланады. Алған білімдерін этномәдени лексиканы ажыратуда, мәтінді этнолингвистикалық талдау барысында, лингвомәдениеттануды оқытуда қолдана алады. Тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым әрекеттерін этнолексикалық ақпаратты жеткізуде және олардың лингвистикалық жүйеде алатын орнын меңгеріп, сөйлеу мәдениетінде, этноақпаратты жеткізуде білік, дағдыларын жүзеге асыру мүмкіндігі қалыптасады.</p> <p><i>Құзырлықтар:</i> ТҚ 3, ТҚ 5, ТҚ 7, КҚ 4, КҚ 8, КҚ 10, КҚ 11, КҚ 13, КҚ 15, КҚ 16</p> <p><i>Бағалау өлшемдері:</i> Лингвомәдениеттану және этнолингвистика жайында этноақпаратты жеткізе білу. Лингвомәдениеттану және этнолингвистикадан алған білімдерін өзін-өзі жетілдіруде, сыни тұрғыдан ойлауда, кәсіби деңгейде жүзеге асыруда қолдана білу.</p>
2-курс							
07	КП/ЗТ	Zer 8107	Зерттеу тәжірибесі	диф. сынақ	3	10	<p><i>Білімі:</i> докторант диссертация жұмысының тақырыбын аша білуі, оны талдап, баяндай білуі, зерттеу жұмысын жазу барысында қолданылған атау, ұғым терминдердің анықтамаларын түсіндіре біледі.</p> <p><i>Білігі:</i> іс-тәжірибеден өту барысында жиналған зерттеу жұмыстарын, мәліметтерді талдап және жүйелеп, белгілі бір теориялық тұжырымдар жасауы жұмыстарын жоспарлай білуді, топтастыруды және қорытындылай білуді игереді.</p> <p><i>Дағдысы:</i> докторант алған білімдерін іс жүзінде қолдана білу мақсатында ғылыми-зерттеушілік дағдыларын қалыптастырады. Әлемдік әдебиеттану ғылымындағы ғылыми мектептер мен теорияларға байланысты ғылыми еңбектерді пайдалану дағдысы қалыптасады.</p>

							<p><i>Құзырлылықтар:</i> ТҚ 8, ТҚ 9, ТҚ 10, КҚ 6, КҚ 18, КҚ 19</p> <p><i>Бағалау өлшемдері:</i> теориялық дайындық барысында алынған зерттеу жұмысын жүргізудің білігі және дағдыларын бекіту мен тереңдетудің жоғары деңгейі; нәтижелі дербес шығармашылық зерттеу жұмысын жүргізуі; зерттеу тапсырмаларын орындау мәдениетінің жоғары деңгейін көрсете алуы.</p>
08	ҒЗЖ	GZZh	Докторлық диссертацияны орындау мен тағылымдамадан өтуді қоса есептегендегі докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы	диф. сынақ	1,2,3,4,5,6	123	<p><i>Білімі:</i> диссертациялық зерттеудің проблемалық өрісі, өзекті саяси мәселелерді ғылыми зерттеудің жаңа әдістемесі мен әдістемесі. Қазақ тіл білімі, тілді оқыту әдістемесі бойынша алған білімдерінің жиынтығын, нәтижесін көрсете білуі және бойында қалыптасқан білім, іскерлік, дағдыны жүйелеп, қорытындылай алуы қажет.</p> <p><i>Білігі:</i> теориялық ережелер немесе маңызды теориялық және практикалық мәні бар, жаңа ғылыми нәтижелерге негізделген теориялық және эмпирикалық мәні бар ғылыми проблема шешімін тапқан дербес диссертациялық зерттеу жүргізу. Барлық оқыған пәндерінен алған білімін қолданып белгілі бір құбылысты, үдерісті, жағдайды түсіндіре алу қабілеті мен ойларын жинақтап тұжырымдай білу іскерлігі.</p> <p><i>Дағдысы:</i> диссертациялық зерттеуде филология ғылымының қазіргі теориялық, әдістемелік және технологиялық жетістіктерін пайдалану, нақты практикалық ұсыныстарды тұжырымдау және дәйектемелеу, міндеттерді өз бетінше шешу, компьютерлік технологияларды қолдана отырып мәліметтерді өңдеу және интерпретациялаудың қазіргі заманғы әдістерін пайдалану. Ғылыми материалдарды жүйелеп, тілдік материалдарды жинап, тұжырым жасауға дағдылану.</p> <p><i>Құзырлылықтар:</i> ТҚ 9, КҚ 4, КҚ 16, КҚ 17, КҚ 18</p> <p><i>Бағалау өлшемдері:</i> : теориялық дайындық үдерісінде алған зерттеу жұмыстарының білімін, іскерлігін және дағдыларын бекіту мен тереңдетудің жоғары деңгейін таныту; нәтижелі дербес шығармашылық зерттеу жұмысын жүргізу; зерттеу тапсырмаларын орындау мәдениетінің жоғары деңгейін көрсету.</p>
09	ҚА	DDZhK	Докторлық диссертацияны жазу және қорғау	Диссертация қорғау	6	12	<p><i>Білімі:</i> докторант өзінің білім деңгейіне байланысты тақырып таңдай білуі, тақырып бойынша қарастырылатын сұрақтарға өзінің көзқарасымен жауап</p>

						<p>қайтару, әртүрлі пікірлерді жан-жақты ашып көрсету және өзінің осыған қатынасын қалыптастыра білуі керек.</p> <p><i>Білігі:</i> өздік жұмысты жүргізу қабілеттілігін арттыру және диссертация жұмысын орындау барысында қарастырылатын сұрақтар мен мәселелерді шешуде қажетті зерттеу әдістемелерін игереді.</p> <p><i>Дағдысы:</i> докторант диссертация жұмысын жазу барысында зерттелген объектінің материалдары негізінде өз ойын білдіре алу қабілетіне, негізгі мәселелерді айқындап қорытындыларды және ұсынылымдарды қалыптастыра білуге дағдыланады.</p> <p><i>Құзырлылықтар:</i> ТҚ 4, ТҚ 5, ТҚ 6, ТҚ 9, КҚ 1, КҚ 6, КҚ 9, КҚ 11, КҚ 18, КҚ 19</p> <p><i>Бағалау өлшемдері:</i> ғылыми-мақала, жоба жазуда немесе ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізгенде қол жеткізген нәтижелерін қорытындылай алу.</p>
--	--	--	--	--	--	--

8.2 Білім беру бағдарламасындағы модульдер кесіндісінде меңгерілген кредиттер көлемін бейнелейтін жинақ кесте:

Оқыту курсы	Семестр	Меңгерілген модульдер саны	Оқытылатын пәндер саны		Кредит саны								Сағат бойынша	ECTS	Саны	
			ЖОК	ТК	Теориялық оқыту	Докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы	Зерттеу тәжірибесі	Педагогикалық тәжірибесі	Оқытудың қосымша түрлері (ОҚТ)	Қорытынды аттестация	Барлығы	Емтихан			Диф.сынақ	
1	1	8	3	2	25	5	-	-	-	-	-	30	1365	30	5	1
	2		-	-	-	20	-	10	-	-	-	30	915	30	-	2
2	3		-	-	-	20	10	-	-	-	-	30	915	30	-	2
	4		-	-	-	30	-	-	-	-	-	30	615	30	-	1
3	5		-	-	-	30	-	-	-	-	-	30	615	30	-	1
	6		-	-	-	18	-	-	-	-	12	30	975	30	-	1
Барлығы		8	3	2	25	123	10	10	-	12	180	5400	180	5	8	

Құрастырған:

Қазақ тіл білімі кафедрасының меңгерушісі

Қазақ тіл білімі кафедрасының профессор ассистенті

Келісілген:

Филология факультетінің сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы төрағасы

Кенжеғалиев С.А.

Саменова С.Н.

Рамазанова Ж.С.

Ескерту:

Білім беру бағдарламасы факультет Кеңесінің отырысында қарастырылған және бекітілген

« 27 » 11 2021 ж. Хаттама № 4

Білім беру бағдарламасы университеттің Академиялық кеңесінің отырысында қарастырылған және бекітілген

« 15 » 12 2021 ж. Хаттама № 2

Білім беру бағдарламасы университеттің Басқарма отырысында қарастырылған және бекітілген

« 19 » 01 2022 ж. Хаттама № 2

Басқарма мүшесі, ғылыми жұмыс жөніндегі проректор

Басқарма мүшесі, академиялық мәселелер жөніндегі проректор

Академиялық жұмыс Департаментінің директоры

Факультет деканы

Е.М.Тажбаев

Т.З. Жүсіпбек

Г.С. Акыбаева

Е.Е.Түйте